

Педагог-ассистент

Атагужина Айнагуль Маратовна

Педагог-ассистент

Вашкарин Владимир Владимирович

Педагог-ассистент

Мусина Шолпан Кайдаровна



«ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ АУТИЗМ СИНДРОМЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Жалпы білім беру жүйесіне аутизм балаларды инклюзивті білім беру үрдісіне кіріктіру мәселесі балалардың эмоциялық және психологиялық дамуына ықпал етеді және іске асады.

Аутизм балаларды қолдау мен сүйемелдеу деңгейі диагностикалық белгілерінің және дамуындағы түрлі бұзылуардың ауырлығының негізінде кезектесу кажет.

Аутизм балалардың сөйлеу тілі коммуникативтілігі, бірігіп жұмыс істеу қабілеті, сенсорлық қабылдау бұзылуарымен сипатталады. Бұндай балаларды инклюзивті оқытуда алдымен бұзылымдарды негізін түсіну, педагогикалық әдістемелерді таңдау болып табылады.

Аутизм балаларды басқа бұзылымдары бар балалармен салыстырғанда, аутизм балалардың көшпілігі жалпы білім беру бағдарламасымен оқи алады.

Қалыпты интеллект, жақсы есте сактау қабілеті, көріп қабылдау қабілеті аутизм балаға академиялық бағдарламаны жақы қабылдауға мүмкіндік береді. Аутист бала математикадан үздік оқи алады, кейде өз қатарындағы балардан да үздік оқиды. Кейбіреулері, ұсақ моторикасында проблемасы жоқ жағдайда, сурет салуда үздік.

Аутизм синдромы бар балалардың көшпілігі окуды тез менгереді, бірақ оқығанын түсінбейді.

Ерекше аймактық қызығушылықтары болады: тарих, астрономия ғылымдарының эксперти т.б. Бір жағынан, аутистік белгілері және қабылдау проблемалары мектепте оқыганда үлкен кедергілер туғызады. Құрдастарымен қарым-қатынаска кіргіу қындықтары сыйыптастары және мұғалімдер жағынан әлеуметтік шектеудің себебі болады.

Тәртібінің бұзылуы, сыйыпта айқайлау, орындықта қозғалу, агрессия, аутоагgressия бұзылымдары мұғалімге сабак жүргізуға кедергі болады.

Сонымен қатар, аутизм синдромы бар балаларға сөйлеу тілінің көптеген бұзылымдары, сөйлеу тілін дұрыс қолдана алмау, сөздік корының шектелуі, грамматикалық бұзылымдар, сөйлеу тілінің мәнерлігінің бұзылуы тән. Осы бұзылуардың себебі қүйзеліске, агрессияға, ышқынып айқайлауына әкеледі.

Л. Каннер аутизмнің негізгі белгісі ретінде, «экстремалды жалғыздықты айтады». Ол аутизмдің нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тапқан:

жалғыздықты жақсы көрү.
ешқашан адаммен көзбе-көз кездеспеу.
мимикасының, дауысының, дыбысының ырғағының болмауы.
эмоциялық түрғыдан ешкіммен араласпау.
біркелкі қимылдарды қайталаі беру.
Аутист балаларға инклюзивті білім беруде бірнеше

турлі әдістемелік тәсілдер қолданылады. Бір әрекеттен екінші әрекетке көшу аутист балалардың көпшілігінде проблемалық жағдай болады және агрессия немесе тәртібінің ауытқушылығын тудырады.

Визуалдық сабак кестесін қолдану манипулятивті ауытқушылық стимулдарының міндеттімен негізделеді. Бұл істе вербалдық нұсқаулар визуалдыққа алмастырылады. Осылайша нақты түрін иеленеді.

Оқыту тәсілі келесідей жүреді:

- сабактың алдында балаға визуалдық сабак кестесін көрсетеді, қандай тапсырмаларды орындаудың түсіндіреді;

- сонаң кейін, балаға карточкада берілген бірінші тапсырманың материалдары беріледі;

- бірінші тапсырманы орындаған болған кезде, мұғалім тапсырманың карточкаларын жинауга көмектесіп, келесі карточканы ұсынады;

- бұдан кейін, мұғалім келесі тапсырманың материалдарын ұсынады. Осылайша әрі қарай жағластырылады.

Сабакта визуалдық сабак кестесін қолдану окуя әрекетін құрастыруға көмектеседі. Бұл аутист балаға, болып жатқан жағдайларды дұрыс түсінуге, берілген тапсырмаларды тұрақты негізінде орындауга және бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшкенде серіктестендіру тасілдері көмектеседі.

Прайминг – оқыту стратегияларының бірі, ол баланы инклузивті ортада күрделі проблемалық жағдайларға дайындау. Прайминг ол алдын-ала қажетті қабілеттерге үйрету. Мысалы, тәрбиеші өртегі оқығандада бала тоptық сабакта киындықтарға кездессе, бала белсенді болу үшін және сюжетті ойынға катысу үшін немесе топпен бірге әрекеттегенде үшін бұл ергегінің күнде жеке сабакта оқуға болады.

Аутизм ауруы бар балалармен жұмыс істеу барысында көптеген әдіс-тәсілдер қолданады. Солардың кейбіреулермен танысып жіберейік:

1. Ойын технологиясын қолдану.

Аутизмі бар баламен карым-катаңас орнату.

«Айналма» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балалар арасынан барлық баламен амандасып, әр баламен қол алысып амандасатын баланы таңдайды. Сол бала айналма ортасында болатын баланы таңдайды. Барлық балалар қолдарынан ұстап, шеңбер құрады. Ортадагы баламен амандасады. Ортага балалар кезекпен тұрады. Сәлемдескен кезде мына сөздер айтылады:

Балақайлар, тұрайық;

Шеңбер құра қалайық;

Сен де менің досым;

Мен де сениң досың;

Барлығымыз доспыз.

Карым-катаңасты дамыту.

«Күйшакпен ойна» жаттығуы.

Ойын барысы: түрлі тақырыптар бойынша сюжеттік-рольдік ойындар жүргізу. Мысалы,

«Дүкенге барамыз», «Қонақта». Күйшак балаға әлеуметтік рольдерге кіруге көмектеседі.

Зейніді дамыту.

«Артығын тап» жаттығуы.

Ойын барысы: нұсқаушы берілген суреттердің ішінен артығын табуды тапсырады. Мысалы, қияр, аскабак, сәбіз, алма. Артығы: алма.

Козғалыстық ойындарын дамыту.

«Достармызға үй саламыз» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балаларды екі топқа бөліп, олардың Ақтөс және Шарик атты екі достарының барын айтады. Олар ете жақсы достар. Тек олардың тұратын үй жоқ. Қане, оларға үй салып көмектесейікші. Осылайша, бір топ Ақтөске, екінші топ Шарикке үй салады. Ол ушін балаларға кубиктер мен тапсырмалар беріледі. Кім үйді бірінші салып бітіреді.

2. Сенсорлық интеграция әдістемесін қолдану.

Көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаган органды сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол киынга соғады.

Сенсорлық интеграция терапиясы баланың қоршаган орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырганын немесе қоршаган органдың аса әсер етпегенін болжап, анықтауга көмектеседі. Осылайша, сенсорлық интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлық аппаратты өңдеуден жүзеге асыру. Сол арқылы бала қүнделікті өмірдеге сол ақпаратты қолдана алады.

2. Сенсорлық интеграцияның мысалдары:

гамакта тербелу (кеністікте бағдарлану);

музыкаға билу (есту жүйесі);

бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);

түннельде жорғалау (кеністікте бағдарлану және жанасу);

қозғалып тұрган шариктерге жанасу (көрү сезімі мен тактильді бағдарлану);

орындықта айналу (тепе-тендік және көрү қабілетінен әсер);

беренеде тепе-тендік ұстап тұру (тепе-тендік сақтау) [6].

«Дыбыс» мәзірі:

«Мерекелік торт», «Алау», «Шырша», «Шалқан» және «Бұршік» ойындары дұрыс, сапалы, бір қалыпты тыныс алууды қалыптастыру үшін берілген. Сонымен кatar бұл жаттығулар ринолалиясы және ринофониясы бар балалардың мұрындық ренкін түзеуге қолданылады;

«Кебелек», «Ертегілік сарай» және «Диірмен» ойындары бірлескен сөздерді немесе сөз тіркестерін айтуға ықпал етеді;

«Бауырсақ», «Сусиыр» және «Жанартай» жаттығулары экрандағы жануарлардың әрекетіне қарап, түрлі дауыстарғы дыбыстарды айтуға көмектеседі. Мысалы, сусиыр аузын қатты ашқан сайын «а» дыбысы қатты шығады;

«Ғарыш атқышы» және «Отشاшу» жаттығулары қысқа дыбыстарды жылдам әрі анық айтуға ықпалын тигізеді;

«Паровоз» және «Батпирауық» жаттығулары дауыссыз дыбыстарды айтуға септігін тигізеді. С, ш, х және ф дыбыстарын дұрыс айтқанына қарай паровоздың тұтінің күнгеге, әуе шарына, жалауға дейін

көтеріледі. Дыбыс айту дұрыс болмаса, паровоз түтіні өзгереді.

«Әріп» мәзірі:

«2 бөліктен әріп құрастыр», «4 бөліктен әріп құрастыр», «Әріп жина» әріптің оптикалық контурын бекітуге арналған. Олар деңгейлерге байланысты бөлінеді. Осы үш тапсырмада бала құрастыратын әріпті таңдай алады;

«Суреттер» сөздегі алғашқы әріпті табуға, анықтауга арналған. Сонымен қатар ұксас фонемды әріптерді анықтауга ықпал етеді;

«Том және Тим» даудыссыз дыбыстардың жұмысқ-қаттылығына қарай дыбысты талдауын қалыптастырады.

«Бұын» мәзірі:

«Сиқырлы құдық» жаттығуы алғашқы оку дағдыларын қалыптастыруға арналған. Сол арқылы балалар қынан буынды сөздерді айтуға жаттығады.

«Сөз» мәзірі:

«Тығылмаш» жаттығуы арқылы сөзге дыбыстық талдау жасауга жаттығады. Стимулды материалды талдауға байланысты (суреттер, аудио) фонемды қабылдаудың жан-жақты дамытуға болады;

«Мозаика» жаттығуы сөздің жазылуын тануға және сөзді тұғас окуға үйретеді. Еске сақтау мен қабылдауды түзетеді.

«Сөйлем» мәзірі:

«Сөйлемді қалпына келтір», «Сөйлем құрастыр», «Түсіп қалған сөзді қой», «Сөйлемді аяқта» жаттығулары сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жактарын дамытуға арналған. Ол балаға сөздер мен сөйлем арасындағы мағыналық және грамматикалық байланысты қоюға жаттықтырады.

«Мәтін» мәзірі:

«Мазмұндау», «Әңгімелеу», «Сурет бойынша әңгімелеу» жаттығулары байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға арналған. «Мазмұндау» бөлімінде берілген тақырып бойынша әңгімелеуге арналған көмекші сөздер, сұраптар, сөздіктер берілген. «Суретке қарап әңгіме құрау» бөлімінде суретшілердің 21 түрлі картиналары берілген (портрет, сюжетті суреттер, пейзаж). Әр суретке, оның эмоциялық мағынасынан сәйкес музикалық үзінді таңдалған. Ол баланың суретті сипаттаудың көмектеседі.

Бала аутизім бар бала меткепте де дәл қарапайым окушы. Бала ортаға бейімделуі үшін қолайлыштыныш

№1 болім

ортанды қамтамасыз етуіміз тиіс. Мінез-құлқының өзгерістері ортамен тікелей байланысты болады. Балаға ең қажеттісі – мейірім, сенім және ортаға бейімделу, мұғалімге үйренсүі. Баламен тікелей қарым-қатынас оргасы отбасы болуы шарт.

Жүргізілген сауалнамалар дерегіне сүйенсек кейір отбасы баланың жеке қалып, ез іс-әрекетімен айналысуына жағдай жасайды. Бұл әдіс — тиімсіз әдіс түрлери. Ата-ана ез баласының стереотиптерін біле отыра, оған тікелей белсінді түрде жұмыс жасаудары керек. Бірігіп жасалынатын тәрбиелік жұмыс түрлери бала стеротиптерінің азайуына асер етуі мүмкін. Ата-ана ез баласының мінез-құлқының неден бұзылатынын осынан бастап, қандай іс-әрекетпен аяқталатынын қадағалауы керек. Ал маман осы ата-анамен бірге баланың мінез-құлқының өзгеріс себептерін анықтай отыра, жұмысты жолға қояды. Ата-ана және маман бала жағдайын жаңажақты түсініп, бірлескен түрде ортақ көзқарас арқылы жүйелі жұмыс жоспары жасақтанылады. Бала аутизмі әлі де көптеген маңызды мәселелерді шешуді талап ететін мәселе. Тәжірибедегі бала аутизімі бар баламен жеке жүргізілген күнделікті сүйеніп қорытындылауды үйгәрдым. Ата-анамен бірлесе жүргізген бақылау күнделігі одан әрі бала даму ерекшеліктерінің өзгерістерін бақылап, сол бағытты бағдарлауга мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете - оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Яғни, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауыгуына барынша мүмкіндік береді. Ең алдымен, баламен қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Лебединская К.С. «Ранний детский аутизм» 2003г [12-13]

2.Э.Шоплер, М.Ланзид, Л.Ватерс Сборник упражнений для специалистов и родителей «Поддержка детей с аутистическими нарушениями от 0 до 6 лет» 2001г [56-58]

3.Б.Е.Микиртумов, П.Ю. Завитаев «Аутизм. История вопроса и современный взгляд» 2002г [37-42]